

## Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 329 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 73 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен.

2) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті құрылсын.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.26 № 846 Қаулысымен.

5. Қоса беріліп отырған:

1) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Мыналар:

1) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақтуривест" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) құрылсын;

қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар болып белгіленсін:

туризм инфрақұрылымының құрылысын, оның ішінде туристерді, көлікті, қоғамдық тамақтандыру объектілерін, ойын-сауық объектілері мен құралдарын, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге мақсаттағы объектілерді орналастыру орындарын жоспарлау;

туризм индустриясы объектілерін салу үшін қажетті инженерлік

коммуникацияларды (электрмен, жылумен, сумен жабдықтау, байланыс) салу және  
ж ү р г і з у ;

2) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Туризм және спорт  
индустриясын материалдық-техникалық қамтамасыз ету" акционерлік қоғамы (бұдан  
ә р і - қ о ғ а м ) қ ұ р ы л с ы н ;

қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар болып белгіленсін:  
туризм және спорт объектілерін ұстау, оларға қызмет көрсету және ағымдағы  
ж ө н д е у ;

туристік қызметтер мен туристік өнімдердің маркетингі;  
жарнамалық, анықтамалық, әдістемелік өнімдер шығару және өндіру;  
кәдесый және басқа да туристік өнімдер жасау, спорттық жабдықпен, мүкәммалмен  
және киіммен қамтамасыз ету.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Туризм  
және спорт министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамдардың жарғылық  
капиталын қалыптастыруға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл  
шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 400000000 (төрт  
жүз миллион) теңге бөлсін.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын  
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне берсін;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп:

1) қоғамдардың жарғылық капиталын осы қаулының 7-тармағына сәйкес Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражаттан 200000000 (екі жүз миллион  
) теңге мөлшерінде қалыптастыруды;

2) қоғамдардың Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік  
тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі белгіленген тәртіппен  
қоғамдардың директорлар кеңесін қалыптастырсын.

11. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне  
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

12. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі осы қаулының іске  
асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

13. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2006 жылғы 26 сәуірдегі  
N 329 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі  
туралы ереже**

**Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 26 сәуірдегі  
N 329 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің қарамағындағы  
ұйымдардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 26 сәуірдегі  
N 329 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті  
туралы ереже**

**Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа  
енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 26 сәуірдегі  
N 329 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт  
комитетінің құрылымы**

Ескерту. Құрылым алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 6 с ә у і р д е г і  
N 3 2 9 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі  
Спорт комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.02.20 № 244 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 6 с ә у і р д е г і  
N 3 2 9 қ а у л ы с ы н а  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің қарамағындағы ұйымдардан Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің қарамағына қайта ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі**

**1. Мемлекеттік мекемелер**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесіне .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Кәркен Ахметов атындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Кәркен Ахметов атындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесіне .

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің Риддер қаласындағы "Спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің Риддер қаласындағы "Спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесіне.

## **2. Мемлекеттік кәсіпорындар**

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Спорттың бұқаралық және қысқы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Спорттың бұқаралық және қысқы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Су спортының және спорттың қолданбалы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Су спортының және спорттың қолданбалы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а .

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Республикалық спорт колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Республикалық спорт колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Спорт медицинасы мен оналту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Спорт медицинасы мен оналту орталығы" республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы н а .

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Штаттық ұлттық командалар және спорт резерві дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Штаттық ұлттық командалар және спорт резерві дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Нұркен Әбдіров атындағы спорт комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің

"Нұркен Әбдіров атындағы спорт комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына

10. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

11. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Спортшылардың допингке қарсы зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Спортшылардың допингке қарсы зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

12. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің Астана қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің Астана қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

13. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің Өскемен қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің Өскемен қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

14. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің Алматы қаласындағы "Спорт ғимараттарының құрылысын салу жөніндегі дирекция" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің Алматы қаласындағы "Спорт ғимараттарының құрылысын салу жөніндегі дирекция" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

15. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, (шаруашылық жүргізу құқығындағы) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің "Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (шаруашылық жүргізу құқығындағы).

### **3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер**

16. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің "Спорт & KS" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт

комитетінің "Спорт & KS" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 6

с ә у і р д е г і

№ 3 2 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті туралы ереже**

**Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 6

с ә у і р д е г і

№ 3 2 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің құрылымы**

**Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 974 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 6

с ә у і р д е г і

№ 3 2 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

**1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .**

**2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

**3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының**

ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21-72, 21-73, 21-74-жолдармен толықтырылсын:

"21-72. "Қазақтуривест" АҚ;

21-73. "Туризм және спорт индустриясын материалдық-техникалық қамтамасыз ету" АҚ;

21-74. "SPORT&ks" газетінің редакциясы" ЖШС".

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында: көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне 297 "Қазақтуривест" АҚ;

298 "Туризм және спорт индустриясын материалдық-техникалық қамтамасыз ету" АҚ;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитетіне 299 "SPORT&ks газетінің редакциясы" ЖШС".

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен.**

6. "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 26, 327-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Туризм" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспарда:

реттік нөмірлері 13, 15, 16, 26, 27, 36 және 37-жолдардың 3 және 4-бағандарындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ТСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын; ескертпеде:

"ККМ - Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ТСМ - Туризм және спорт министрлігі".